



Ата-аналар (заңды өкілдер) мен отбасы жағдайында тәрбиеленетін балалар үшін ұйымдастырылған **КМҚК «Баянауыл ауылының сәбилер бақшасы»**

Консультациялық пункт туралы ереже

1. Жалпы ережелер

- 1.1 «Баянауыл ауылының сәбилер бақшасы» КМҚК-ның кеңес пункті (бұдан әрі КП) «Білім туралы» ҚР Заңына сәйкес мектепке дейінгі ұйымға қатыспайтын 1-жастан 5 жасқа дейінгі балалардың ата-аналарына көмек көрсету нысандарының бірі болып табылады.
- 1.2 Осы ереже МДҰ –да жұмыс істейтін Консультациялық пункттер қызметтерін реттейді.
- 1.3. Консультациялық пункт мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім берудің жалпы білім беру бағдарламасын іске асыратын ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылады.
- 1.4. Ата-аналардың (заңды өкілдердің) өтініші бойынша отбасымен тікелей жұмысты МДҰ әдіскері жүзеге асырады.

2. Консультациялық пункт қызметінің мақсаттары мен міндеттері

- 2.1. Консультациялық пунктті отбасылық және қоғамдық тәрбиелеудің біртұтастығы мен сабақтастығын қамтамасыз ету, ата-аналарға (заңды өкілдеріне) психологиялық – педагогикалық көмек көрсету, МДҰ-ға қатыспайтын балалардың тұлғалық жан-жақты дамуына қолдау көрсету мақсатында құрылады.
- 2.2. Консультациялық пункттің негізгі міндеттері:
 - МДҰ-ға қатыспайтын балалардың даму үшін жағдайды қамтамасыз етуде, ата-аналарға (заңды өкілдеріне) жан-жақты көмек көрсету.
 - Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамытудың түрлі мәселелері бойынша ата-аналарға (заңды өкілдерге) консультациялар беру арқылы көмек көрсету
 - МДҰ-ға қатыспайтын мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтенуіне көмек көрсету.



БҰЙРЫҚ

01.10.2024

Баянауыл ауылы

ПРИКАЗ

№ 1140 / 1-03

село Баянаул

Мектепке дейінгі ұйымда консультациялық пункт ашу туралы

Мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылмаған 1 жастан 5 жасқа дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жан-жақты дамуын және олардың мектепке түсу кезінде сәтті бейімделуді қамтамасыз ету үшін ата-аналардына (занды өкілдеріне) кәсіби көмек көрсету барысында консультациялық пункт ашуды **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024 жылдың қыркүйегінен бастап КМҚК «Баянауыл ауылының сәбилер бақшасының» ғимаратында ата-аналар және олардың заңды өкілдеріне арналған кңнсультациялық пункт ашылсын.
2. Мектепке дейінгі мекемелермен қамтылмаған балалардың ата-аналарымен (занды өкілдермен) психологиялық-педагогикалық көмек көрсету үшін төмендегі педагогтер бекітілсін.
Муталыпова Бахыт-әдіскер
Акошева Мархабат-мектепке дейінгі ұйымның қосымша педагогі
Шайхина Анар-психолог
Ибадильдинова Айдана-музыка жетекші
Абильдина Бибижан-медбике
Макашева Айман-медбике
3. Педагог мамандар ата-аналармен (занды өкілдермен) және олардың балаларымен ынтымақтастықта болуға міндетті:
-балалардың жас ерекшеліктеріне және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағадарламаларына сәйкес тәрбиелеу, дамыту және оқыту қатысты мәселелер бойынша кеңес беру;
-мектеп жасына дейінгі балалармен ашық тәрбиелік іс-шаралар өткізу.
-ата-аналармен (занды өкілдерімен) және олардың балаларымен мастер-кластар, ойындар, жаттығулар, тәрбиелік шаралар, тренингтер өткізу;
4. Мектепке дейінгі ұйымның әдіскерлеріне міндеттеме жүктеу:
-жалпы консультативтік пункт қызметін үйлестіру;
-балалармен және ата-аналармен жүргізілетін оқу іс-әрекетінің жоспарын құру;

Консультациялық пункттің мақсаты:

Отбасылық және қоғамдық тәрбиенің бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету, ата-аналарға баламен психологиялық-педагогикалық қарым-қатынас жасаудың мазмұнын, құралдарын және тәсілдерін тиімді іріктеуді қамтамасыз етуге көмек көрсету, мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балаларды жан-жақты дамытуға қолдау көрсету болып табылады.

Консультациялық пунктін міндеттері:

- 1) Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және сауықтырудың мәселелері бойынша отбасылық балабақшалар мен мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалардың мектепке қабылдануына тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін ата-аналарына психологиялық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету;
- 2) ата-аналармен жұмыс жасауда серіктестік байланысты орнатуға көмек көрсету;
- 3) мектеп жасына дейінгі балаларға дербес нәтижеге бағытталған педагогикалық және психологиялық көмекті жүзеге асыру;
- 4) балалар мен ата-аналарға әлеуметтік және медициналық қолдау көрсететін басқа да ұйымдардың мектепке дейінгі ұйымдармен өзара қарым-қатынасын қамтамасыз ету;
- 5) мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіруге көмек көрсету;
- 6) ата-аналар жұртшылығының педагогикалық білімін арттыру мақсатында әртүрлі іс-шаралар: диспуттар, жас отбасылар фестивальдері, конференциялар, ата-аналар жиналыстары, экскурсиялар ұйымдастыру;
- 7) ақпараттық және "консультациялық" парақтарды, анықтамалық басылымдарды, естеліктерді, жарнамаларды әзірлеу және тарату, интеллектуалдық ойындарды, сауалнамаларды, конкурстарды және танымдық-оқыту тренингтерін өткізу;
- 8) отбасы тәрбиесінің алдыңғы қатарлы тәжірибесін насихаттау мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара байланыста болу.



**КМҚК «Баянауыл ауылының сәбилер бақшасы» АҚП ата-аналармен
жылдық жұмыс жоспары 2024-2025 оқу жылы**

№	Іс-шара атауы	мерзімі	Жауапты
1	Ата-аналар бұрышына кеңес: «4-5 жастағы балалардың даму ерекшелігі».(баяндама) Ата –аналар үшін ереже Тілдер мерекесіне арналған тәрбие сағаты: «Ана тілім -ардақтым» «Бала- тілі бал»- 15 өнегелі сөз дәйек сөздің м түсіндіру Психологтан кеңес: «Балаңыз балабақшаға барса...»	қыркүйек	Әдіскер Тәрбиешілер психолог
	Ата-аналар бұрышына кеңес: «Ас атасы-нан» 15- өнегелі сөз дәйек сөздің мағанасын түсіндіру «Отбасы-әлеуметтік институт» Ата-аналар жиналысы. Тақырыбы: «Бала тәрбиесіндегі ата-аналар рөлі» «Алтын күз әсем айналам, Еліме береке сыйлаған » ертеңгілігі Ата-аналарға жадынама «Отбасының денсаулық бағдарламасы»	қазан	Тәрбиешілер
	«Ата-аналарға арналған 10 кеңес» Баяндама«Бала неге өтірік айтады?» Кеңес «Тумаудың алдын-алу жолдары» Баяндама « <u>Балабақша мен мектеп жұмысындағы сабақтастық</u> »	қараша	тәрбиешілер медбике
	Баяндама «Бала дамуында, тәрбиелеу кезінде күн тәртібінің маңызы» Ата-аналарға кеңес «Міне, қыста келді» Ата-аналар жиналысы «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы» «Құтты болсын Жаңа жыл!» ертеңгілі.	желтоқсан	тәрбиешілер
	Медбикеден кеңес «Тазалық – денсаулықкепілі» Ата-аналарғаарналған 6 кеңес Баяндама «Тәрбие-тал бесіктен». «Баланыңмектепкепсихологиялықдайындығы» ата-аналарғаарналғанкеңес (психолог)	қаңтар	Медбике психолог

	«Сіз өз балаңызға кімсіз?» ата-аналарға арналған саулнама «Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту» баяндама.« Ата-аналарға тұмау жөнінде» денсаулық бұрышына кеңес	ақпан	Психолог Медбике
	«Ана-асыл қазынам!» 8- наурыз мерекесі. «Тұйық бала қайдан шығады?» баяндама «Абайла! Төбедегі сүмеле мұз». «Балаңыз Мектепке дайынба?» ата-аналарға арналған баяндама	<u>Наурыз</u>	тәрбиешілер
	Баяндама: «Бала дамуына керекті ойындар» Кеңес: «Су тасқыны» «Суды үнемдейік» Балалардың танымдық процесстердің диагностикасы Ата-аналармен жиналыс: «Балалардың мектепте оқуға деген қызығушылықтарын тәрбиелеу».	<u>Сәуір</u>	тәрбиешілер Психолог
	Ата-аналарға арналған 10 қағида. Өңгіме: «Жаздағы дамытушылық ойындары» Ата- аналар жиналысы: «Мектепке дайынбыз!» «Қош бол, -бақшам!» ертеңгілігі.	<u>Мамыр</u>	тәрбиешілер


Бекітемін
Баянауыл ауылының
сәбилер бақшасының басшысы
С.Абжанова

Телефонмен кеңес алуға арналған кесте

2024-2025 оқу жылы

№	Апта күндері	Уақыты	Жұмыс орнының телефоны
1	Дүйсенбі	Сағат 09.00-12.00	8-718-40-9-10-76
2	Сейсенбі	Сағат 09.00-12.00	8-718-40-9-10-76
3	Сәрсенбі	Сағат 09.00-12.00	8-718-40-9-10-76
4	Бейсенбі	Сағат 09.00-12.00	8-718-40-9-10-76
5	Жұма	Сағат 09.00-12.00	8-718-40-9-10-76



Бекітемін _____
Баймауыл ауданының
сәбилер бөлімшесінің басшысы
С.Абжанова

Консультациялық пункттің жұмыс кестесі

2024-2025 оқу жылы

№	Апта күндері	Уақыты	Қабылдау орны	Телефон номері
1	Дүйсенбі	сағат 9.00- 14.00 дейін	Әдіскер бөлмесі	8-718-40-9-10- 76
2	Бейсенбі	сағат 12.00- 18.00 дейін	Әдіскер бөлмесі	8-718-40-9-10- 76

Ақыл-кеңес беру пунктiнiң мақсаттары мен мiндеттерi

1. Отбасылық және қоғамдық тәрбиелеудiң бiрлiгi мен сабақтастығын қамтамасыз ету.
2. Мектепке дейiнгi жастағы балаларды тәрбиелеу, оқыту мен дамытудың түрлi мәселелерi бойынша ата-аналарға (заңды өкiлдерге) психологты-педагогикалық көмек көрсету.
3. Бiлiм беру мекемелерiне бармайтын мектепке дейiнгi жастағы балаларды әлеуметтендiруде көмек көрсету.
4. Бiлiм беру мекемелерiне бармайтын мектепке дейiнгi жастағы балалардың дене, психикалық және әлеуметтiк дамуындағы түрлi ауытқуларды комплекстi тексерiп, алдын алуды жүргiзу.

**Ақыл-кеңес беру пунктiнде
сiз тәжiрибелi мамандардан тегiн бiлiктi көмек аласыз:**

Логопед М.Макарова	- тiл кемiстiктерiнiң бұзылуын алдын алу мақсатымен ата-аналарға ақыл-кеңестiк көмек көрсету - ата-аналардың сауалдары бойынша балалардың тексерулерiн, олардағы кемшiлiктердiң құрылымдары мен көрсетiлген дәрежесiн анықтауды жүргiзедi
Медбикелер Б.Абильдина А.Макашева	- отбасында баланың денсаулығын сақтауда, нығайтуда көмек көрсетедi; - Тымаудың алдын алу жолдары - ата-аналарды балалардың тамақтануын дұрыс ұйымдастыру бойынша кеңестейдi -Ата-аналарға тұмау жөнiнде кеңестер -Тазалық денсаулық кепiлi
Педагог-психолог А.Шайхина	- ата-аналарға МББМ жағдайларына бейiмделу сұрақтары бойынша кеңес беру; - ата-аналардың сұраулары бойынша баланың мектепте оқу мен оқу әрекетiне дайындық деңгейiн, оның даму динамикасын анықтау мақсатымен баланың жеке психологиялық диагностикасын, тексеруiн жүргiзедi

3. Консультациялық пунктін қызметін ұйымдастыру.

3.1. Ата-аналарға(заңды өкілдеріне) психологиялық – педагогикалық көмекті ұйымдастыру мамандардың: басшы , әдіскер медициналық қызметкер, педагог-психологтың , музыка жетекшісінің тәрбиешінің, қазақ тілі мұғалімінің қызметін біріктіру негізінде құрылады.

3.2. Сайтта және МДҰ қажетті консультациялар, ата-аналар(заңды өкілдер) сұранысы бойынша жеке және топтық консультациялар беу, жазбаша өтініш телефонмен хабарласу, білім беру мекемесі сайтының жұмысын ұйымдастыру арқылы және т.б бойынша сырттай консультациялар ұйымдастыру –консультациялық пункт қызметінің негізгі нысандары болып табылады.

3.3 Ата-аналарға(заңды өкілдеріне) үшін білім беру мәселерінде сауаттылықты арттыру және педагогикалық түзету білімдері саласында түсініктерді кеңейту бойынша семинарлар вебинарлар консультациялар ұсынымдар өткізу

4. Консультациялық пункті басқару және оған басшылық ету

4.1. Консультациялық пунктін қызметін ұйымдастыруды басқару және оған басшылық ету осы ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

4.2. Консультациялық пунктін ағымдағы жылдың ішінде қыркүйектен -мамырға дейін тегін жүзеге асырылады.

4.3. Консультациялық пункттің жұмысына жалпы басшылықты мектепке дейінгі ұйымның әдіскері жүзеге асырады. Соның ішінде:
-Жұмыс жоспарына сәйкес консультациялық пунктінң жұмысын қамтамасыз етеді.

- Консультациялық пунктін жылдық жұмысын әзірлейді және оның орындалуын қамтамасыз етеді.

4.4. Консультациялық пунктінң ұсынатын қызметтері:

- ата-аналар (заңды өкілдер) ағарту барлық отбасы мүшелері тарапынан балаға тәрбие беруде бірыңғай талаптарды әзірлеу мақсатында , ата-аналардың педагогикалық мәдениетін қалыптастыруға бағытталғын ата-аналарды әртүрлі цифрлық жұмыс нысандары : Консультациялық пункті ата-аналарды(заңды өкілдерді) бала дамуының физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері , тәрбиелік ықпалдың негізгі бағыттары, дағдарысты жағдайларды еңсеру туралы хабардар ету

5. Консультациялық пункттің құжаттамасы

Консультациялық пунктінің қызметін қамтамасыз ету үшін мынадай құжаттама жүргізілінеді. :

- МДҰ-ға қатыспайтын ата-аналар(заңды өкілдер) мен балаларға арналған консультациялық пункті туралы ереже;
- Консультациялық пунктті ашу туралы бұйрық;
- Консультациялық пунктінің жұмыс жоспары;
- Өтініштерді тіркеу журналы ;
- Ата-аналардан (заңды өкілдерден) өтініш;

6.Қорытынды ережелер

6.1. Осы ереже МДҰ басшысының бұйрығы шыққан сәттен бастап күшіне енеді.

6.2. Ереженің қолданылу мерзімі шектелмеген.

Бұл ереже жағасын қабылдағанға дейін қолданылады.